**Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының электрондық ақпарат тасымалдағыштары бар дипломаттық және қызметтік паспорттарының үлгілерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1375 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 927 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.09.2013 № 927 қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарының үлгілері және Қазақстан Республикасының электронды ақпарат тасымалдағыштары бар дипломаттық және қызметтік паспорттарының үлгілері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысы қабылданғанға дейін жасалған дипломатиялық және қызметтік паспорттар олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болып саналсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы азаматының дипломатиялық және қызмет паспорттарының үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қазандағы N 1158 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен баптап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1375 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспортының үлгісі (сипаттама)

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Ішінде су тамғысы белгілері бар, арнайы қағаздан жасалған 16 парақ орналасқан паспорт кітапшасының мөлшері 88х125 мм. Паспорттың парақтарындағы жазулар мен сызықшалар қара түсті бояумен жасалған.

2. Паспорттың мұқабасы қою-жасыл түсті. Паспорттың алдыңғы мұқабасының сыртқы бетінде алтын түспен орындалып:

а) қазақ және ағылшын тілдерінде өрнектеліп ойылған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

деген жазу;

б) ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;

в) Елтаңбаның астында өрнектеліп ойылған

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ПАСПОРТ

DIPLOMATIC PASSPORT

деген жазу орналасқан.

3. Паспорттың алдыңғы мұқабасының ішкі бетінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі орналасқан.

4. Паспорттың алдыңғы мұқабасының ішкі беті мен бірінші бетінің арасында желімді негізі бар мөлдір пленка орналасқан.

5. Паспорттың бірінші бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шетел мемлекеттерінің барлық құзыретті қызмет орындарынан дипломатиялық паспорт иесінің бөгетсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуді және қажет болған жағдайда заңды қолдау көрсетіліп, қорғалуын өтінеді"

"The Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan requests all competent authorities of foreign states to permit the holder of this diplomatic passport to pass safely and freely and to give the holder all lawful aid and protection in case of need" деген жазу орналасқан.

6. Паспорттың екінші бетінде тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде:

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ"/"REPUBLIC OF KAZAKHSTAN"

деген жазу орналасқан.

Төменде екі жолға: "ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ПАСПОРТ/"DIPLOMATIC PASSPORT" деген жазу, оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде: "түрі/type", "мемлекет коды./code of state", "паспорттың No/passport No" деген жазу орналасқан.

Сол жағында мөлшері 45х35 мм фотосурет үшін орын бөлінген.

Фотосуреттің оң жағындағы жазулар:

"Тегі/Surname"

"Аты/Given names"

"Азаматтығы/Nationality"

"Туған күні/Date of birth"

"Туған жері/Place of birth"

"Жынысы/Sex"

"Берілген күні/Date of issue"

"Паспорт мерзімі/Date of expiry"

"Берген мекеме/Authority"

"Өз қолы/Signature of bearer".

Төменірек машина оқитын мәтінге арналған орын бар.

7. Паспорттың үшінші бетінде тігінен қазақ тілінде:

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ПАСПОРТ"

"Тегі"

"Аты"

"Әкесінің аты"

"Ұлты"

деген жазулар орналасқан.

8. Паспорттың төртінші бетінде паспорт иесі балаларының фотосуреттерін жапсыруға арналған мөлшері 45х35 мм алты тікбұрышты рамкалар бар.

9. Паспорттың бесінші бетінде тігінен мыналар орналасқан:

"Балалары/Children" деген жазу орналасқан. Төменірек: "Тегі/Surname", "Аты/Given names", "Туған күні/Date of birth", "Жынысы/Sex" деген жазулар.

10. Паспорттың алтыншы бетінде тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Сыртқы істер министрлігінің қызметтік белгілері үшін"

"For official use of the Ministry of Foreign Affairs"

деген жазулар орналасқан.

11. "Визалар/Visas" деген жазулары бар 7 - 32 беттер виза қоюға арналған.

12. Паспорттың артқы мұқабасының ішкі жағында көлденеңінен қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Осы паспорт 32 беттен тұрады"

"This passport contains 32 pages"

деген жазулар орналасқан.

Төменірек қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, ал оның иесі Қазақстан Республикасының қорғауында болады".

"This passport is the property of the Republic of Kazakhstan and its holder is under the protection of the Republic of Kazakhstan" деген жазулар бар.

13. Паспорттың нөмірі 3-32 беттерде перфорациялық әдіспен және артқы мұқабаның ішкі жағында шырыңқы басылыспен қойылған.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1375 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының қызметтік паспортының үлгісі (сипаттама)

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Ішінде су тамғысы белгілері бар, арнайы қағаздан жасалған 16 парақ орналасқан паспорт кітапшасының мөлшері 88x125 мм. Паспорттың парақтарындағы жазулар мен сызықшалар қара түсті бояумен жасалған.

2. Паспорттың мұқабасы қара түсті. Паспорттың алдыңғы мұқабасының сыртқы бетінде алтын түспен орындалып:

а) қазақ және ағылшын тілдерінде өрнектеліп ойылған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
деген жазу;

б) ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы;

в) Елтаңбаның астында өрнектеліп ойылған

ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТ
SERVICE PASSPORT
деген жазу орналасқан.

3. Паспорттың алдыңғы мұқабасының ішкі бетінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі орналасқан.

4. Паспорттың алдыңғы мұқабасының ішкі беті мен бірінші бетінің арасында желімді негізі бар мөлдір пленка орналасқан.

5. Паспорттың бірінші бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде: "Шетел мемлекеттерінің барлық құзыретті қызмет орындарынан осы паспорттың иесі, шетелге жол жүруші Қазақстан Республикасының азаматына жан-жақты жәрдем көрсету сұралады"

"All competent authorities of foreign states are requested to extend all courtesies to the bearer of this passport, a citizen of the Republic of Kazakhstan travelling abroad" деген жазу жазылған.

6. Паспорттың екінші бетінде тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде: "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ/REPUBLIC OF KAZAKHSTAN" деген жазу орналасқан.

Төменде екі жолға: "ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТ/SERVICE PASSPORT" деген жазу, оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде: "түрі/type", "мемлекет коды/code of state", "паспорттың No/passport No" деген жазу орналасқан.

Сол жағында мөлшері 45х35 мм фотосурет үшін орын бөлінген. Фотосуреттің оң жағындағы жазулар:

"Тегі/Surname"
"Аты/Given names"
"Азаматтығы/Nationality"
"Туған күні/Date of birth"
"Туған жері/Place of birth"
"Жынысы/Sex"
"Берілген күні/Date of issue"
"Паспорт мерзімі/Date of expiry"
"Берген мекеме/ Authority"
"Өз қолы/Signature of bearer".

Төменірек машина оқитын мәтінге арналған орын бар.

7. Паспортың үшінші бетінде тігінен қазақ тілінде: "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТ"

"Тегі"
"Аты"
"Әкесінің аты"
"Ұлты"

деген жазулар орналасқан.

8. Паспорттың төртінші бетінде паспорт иесі балаларының фотосуреттерін жапсыруға арналған мөлшері 45х35 мм алты тікбұрышты рамкалар бар.

9. Паспорттың бесінші бетінде тігінен мыналар орналасқан: "Балалары/Children" деген жазу орналасқан. Төменірек: "Тегі/Surname", "Аты/Given names", "Туған күні/Date of birth", "Жынысы/Sex" деген жазулар.

10. Паспорттың алтыншы бетінде тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Сыртқы істер министрлігінің қызметтік белгілері үшін"
"For official use of the Ministry of Foreign Affairs"
деген жазулар орналасқан.

11. "Визалар/Visas" деген жазулары бар 7 - 32 беттер виза қоюға арналған.

12. Паспорттың артқы мұқабасының ішкі жағында көлденеңінен қазақ және ағылшын тілдерінде:
"Осы паспорт 32 беттен тұрады"
"This passport contains 32 pages"
деген жазулар орналасқан.
Төменірек қазақ және ағылшын тілдерінде:
"Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, ал оның иесі Қазақстан Республикасының қорғауында болады"
"This passport is the property of the Republic of Kazakhstan and its holder is under the protection of the Republic of Kazakhstan"
деген жазулар бар.

13. Паспорттың нөмірі 3-32 беттерде перфорациялық әдіспен және артқы мұқабаның ішкі жағында шырыңқы басылыспен қойылған.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1375 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының электрондық ақпарат тасымалдағыштары бар дипломаттық паспортының үлгісі (сипаттамасы)

Ескерту. Қаулы дипломатиялық паспорттың үлгісімен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының электрондық ақпарат тасымалдағыштары бар дипломаттық паспорты (бұдан әрі - паспорт) машинамен оқылатын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес дайындалады.

2. Паспорттың мөлшері 88х125 мм доғал бұрышты брошюраны білдіреді жене мұқабадан, мұқабаға желімделген форзацтардан және 18 парақтан (36 бет) тұрады.

3. Паспорттың мұқабасы тозбайтын материал мен төсемнен дайындалады, олардың арасында паспорттың иесі туралы электрондық ақпарат тасымалдағыш ретінде пайдаланылатын антеннасы бар микросхема (байланыссыз интерфейсі

бар чип) орналастырылады.
Жадының сыйымдылығы кемінде 64 Кб микросхемада қорғалған түрде паспорттың иесі туралы кескіндемелік және мәтіндік ақпарат сақталады.
4. Паспорттың мұқабасы қою қара-жасыл түсті.
Паспорттың алдыңғы мұқабасының сыртқы бетінде:
жоғары бөлігінде - қазақ және ағылшын тілдерінде:
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»
деген жазу;
ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының астында қазақ және ағылшын тілдерінде:
«ДИПЛОМАТТЫҚ ПАСПОРТ
DIPLOMATIC PASSPORT»
деген жазу;
төменгі бөлігінде - паспортта электрондық ақпарат тасымалдағыштың бар екендігін көрсететін арнайы белгі;
бұрыштарында - ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан.
Жазулар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, арнайы белгі және ұлттық ою-өрнек элементтері алтын түсті фольгамен өрнектеліп орындалады.
5. Паспорттың алдыңғы форзацында:
ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының астында - ұлттық ою-өрнек көрінісі түріндегі элемент және ұлттық ою-өрнек элементтерімен оюланған тармақ;
оюлы тармақтан төмен - паспорттың нөмірі орналасқан.
6. Паспорттың алдыңғы форзацы мен 1-бетінің арасында желімді негізі бар мөлдір пленка орналасқан.
7. Паспорттың 1-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:
«Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
шет мемлекеттердің барлық құзыретті қызмет органдарынан дипломаттық паспорт иесінің бөгетсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуді және қажет болған жағдайда заңды қолдау көрсетіліп, қорғалуын өтінеді.
The Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan requests all

competent authorities of foreign states to permit the bearer of this diplomatic passport to pass safely and freely and to give the bearer all lawful aid and protection in case of need.»
деген жазу орналасқан.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.20 № 1079 Қаулысымен.

8. Паспорттың 2-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ/REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу орналасқан.
Төменде екі жолға:
«ДИПЛОМАТТЫҚ ПАСПОРТ/DIPLOMATIC PASSPORT» деген жазу, оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде:
«Түрі/Type», «Мемлекет коды/Code of state», «Паспорттың №/Passpot No» деген жазу орналасқан.
Сол жағында мөлшері 45х35 мм фотосурет үшін орын бөлінген.
Фотосуреттің оң жағында мынадай деректемелер орналасады:
«Тегі/Surname
Аты/Given name
Азаматтығы/Nationaly
Ұлты
Туған күні, айы, жылы/Date of birth
ЖСН/Personal ID No.
Жынысы/Sex
Туған жері/Place of birth
Берілген уақыты/Date of issue
Паспорт мерзімі/Date of expiry
Өз қолы/Signature of bearer
Берген мекеме/Authority»;

Паспорттағы «Ұлты» деген баған оны дайындау кезінде иесінің қалауы бойынша толтырылады. Паспорттың иесі ұлтын көрсетуден бас тартқан жағдайда «Ұлты» деген баған паспорттың деректері бетінде көрсетілмейді.

Беттің төменгі ширегі - машинамен оқылатын аймақ, онда тігінен машинамен оқылатын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес осы құжатта бар негізгі ақпарат қамтылған әріптер мен цифрлардың комбинациясынан тұратын машинамен оқылатын жазу орналасады.

9. Паспорттың 2-беті дизайн мен сипаттамалардың жоғары ашықтығын және жоғары орындалуын сақтай отырып, көптеген көрнекі әсер беретін мөлдір

голографикалық қабатты материалдан тұратын арнайы ламинатталатын пленкамен қорғалады.

10. Паспорттың 3-беті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген белгілерді орналастыруға арналған. Егер 3-бет пайдаланылған болса, онда белгілер паспорттың келесі бос бетіне жүргізіледі. 3-бетте тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде:
«СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК БЕЛГІЛЕРІ ҮШІН
FOR OFFICIAL USE OF THE MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS»
деген жазу орналасқан.

11. Паспорттың 4-35-беттері виза қоюға арналған. Беттердің жоғарғы жағында қазақ және ағылшын тілдерінде:
«ВИЗАЛАР/VISAS»
деген жазу орналасқан.

12. Паспорттың 36-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:
«ОСЫ ПАСПОРТ 36 БЕТТЕН ТҰРАДЫ
THIS PASSPORT CONTAINS 36 PAGES»
Бұл паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, ал оның иесі Қазақстан Республикасының қорғауында
This passport is the property of the Republic of Kazakhstan and its holder is under the protection of the Republic of Kazakhstan»
деген жазу орналасқан.

13. Паспорттың артқы форзацында қазақ және ағылшын тілдерінде:
«Бұл дипломаттық паспорт сезгіш электрондық технологиямен жабдықталған және де басқа электрондық құрылғылар сияқты дәл сондай мұқият қарауды қажет етеді. Оның тиісті түрде жұмыс істеуіне кепілдік беру үшін ұқыптап ұстаңыз, оны бүкпеңіз, теспеңіз, шектен тыс температурадан немесе шектен тыс ылғалдылықтан сақтаңыз.
This diplomatic passport contains sensitive electronic technology and should be handled with the same care as other electronic devices. To ensure that it functions properly, please do not bend, perforate of subject it to extreme temperatures or excessive moisture.

Бұл дипломаттық паспорт Қазақстан Республикасына шетелдік сапардан оралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне тапсырылады.»
деген жазу орналасқан.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.20 № 1079 Қаулысымен.

14. Тоғыз әріптік-цифрлық нышандардан (2 әріптік нышан және жеті таңбалы цифрлық нөмір) тұратын паспорттың нөмірі 1-беттен бастап барлық беттерде лазерлік перфорация әдісімен басылып, паспорттың артқы форзацында аяқталады.

15. Паспорт беттерінің нөмірлері 4-беттен 35-бетті қоса алғанда, төменгі бұрыштарында орналасқан.

16. Қағаз массаға парақтың бір жағына қорғаныш жіп орналасқан, онда «қазақстан kazakhstan» жазуы түрінде алмасушы микромәтіндер және қысқа мәтіндермен жазылған және ол парақтың екі жағынан да оқылады.

17. Әрбір паспорта жазулардың сақталуын арттыруға немесе паспортты және онда жазылған жазуларды қолдан жасаудан қорғауға арналған арнайы әзірленген элементтер қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1375 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының электрондық ақпарат тасымалдағыштары бар қызметтік паспортының үлгісі (сипаттамасы)

Ескерту. Қаулы қызметтік паспорттың үлгісімен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1015 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының электрондық ақпарат тасымалдағыштары бар қызметтік паспорты (бұдан әрі - паспорт) машинамен оқылатын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес дайындалады.

2. Паспорттың мөлшері 88х125 мм доғал бұрышты брошюраны білдіреді және мұқабадан, мұқабаға желімделген форзацтардан және 18 парақтан (36 бет) тұрады.

3. Паспорттың мұқабасы тозбайтын материал мен төсемнен дайындалады,

олардың арасында паспорттың иесі туралы электрондық ақпарат тасымалдағыш ретінде пайдаланылатын антеннасы бар микросхема (байланыссыз интерфейсі бар чип) орналастырылады.

Жадының сыйымдылығы кемінде 64 Кб микросхемада қорғалған түрде паспорттың иесі туралы кескіндемелік және мәтіндік ақпарат сақталады.

4. Паспорттың мұқабасы қара түсті.

Паспорттың алдыңғы мұқабасының сыртқы бетінде:

жоғары бөлігінде - қазақ және ағылшын тілдерінде:

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»

деген жазу;

ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының астында - қазақ және ағылшын тілдерінде:

«ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТ
SERVICE PASSPORT»

деген жазу;

төменгі бөлігінде - паспортта электрондық ақпарат тасымалдағыштың бар екендігін көрсететін арнайы белгі;

бұрыштарында - ұлттық ою-өрнек элементтері орналасқан.

Жазулар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, арнайы белгі және ұлттық ою-өрнек элементтері алтын түсті фольгамен өрнектеліп орындалады.

5. Паспорттың алдыңғы форзацында:

ортада - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының астында - ұлттық ою-өрнек көрінісі түріндегі элемент және ұлттық ою-өрнек элементтерімен оюланған тармақ;

оюлы тармақтан төмен - паспорттың нөмірі орналасқан.

6. Паспорттың алдыңғы форзацы мен 1-бетінің арасында желімді негізі бар мөлдір пленка орналасқан.

7. Паспорттың 1-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:

«Шет мемлекеттердің барлық құзыретті қызмет органдарынан осы паспорттың иесі, шетелге жол жүруші Қазақстан Республикасының азаматына жан-жақты жәрдем көрсету сұралады.

All competent authorities of foreign states are requested to extend all courtesies

to the bearer of this passport, a citizen of the Republic of Kazakhstan, traveling abroad.»
деген жазу орналасқан.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.20 № 1079 Қаулысымен.

8. Паспорттың 2-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде: «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ/REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу орналасқан.

Төменде екі жолға: «ҚЫЗМЕТТІК ПАСПОРТ/SERVICE PASSPORT» деген жазу, оң жағында қазақ және ағылшын тілдерінде: «Түрі/Type», «Мемлекет коды/Code of state», «Паспорттың №/Passpot No» деген жазу орналасқан.

Сол жағында мөлшері 45x35 мм фотосурет үшін орын бөлінген.

Фотосуреттің оң жағында мынадай деректемелер орналасады:

«Тегі/Surname
Аты/Given name
Азаматтығы/Nationaly
Ұлты
Туған күні, айы, жылы/Date of birth
ЖСН/Personal ID No.
Жынысы / Sex
Туған жері/Place of birth
Берілген уақыты/Date of issue
Паспорт мерзімі/Date of expiry
Өз қолы/Signature of bearer
Берген мекеме/Authority»;

Паспорттағы «Ұлты» деген баған оны дайындау кезінде иесінің қалауы бойынша толтырылады. Паспорттың иесі ұлтын көрсетуден бас тартқан жағдайда «Ұлты» деген баған паспорттың деректері бетінде көрсетілмейді.

Беттің төменгі ширегі - машинамен оқылатын аймақ, онда тігінен машинамен оқылатын жол жүру құжаттарына қойылатын халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес осы құжаттағы негізгі ақпарат қамтылған әріптер мен цифрлардың комбинациясынан тұратын машинамен оқылатын жазу орналасады.

9. Паспорттың 2-беті дизайн мен сипаттамалардың жоғары ашықтығын және жоғары орындалуын сақтай отырып, көптеген көрнекі әсер беретін мөлдір голографикалық қабатты материалдан тұратын арнайы ламинатталатын пленкамен қорғалады.

10. Паспорттың 3-беті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген белгілерді орналастыруға арналған. Егер 3-бет пайдаланылған болса, онда белгілер паспорттың келесі бос бетіне жүргізіледі. 3-бетте тігінен қазақ және ағылшын тілдерінде:

«СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТТІК БЕЛГІЛЕРІ ҮШІН
FOR OFFICIAL USE OF THE MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS»

деген жазу орналасқан.

11. Паспорттың 4-35-беттері виза қоюға арналған. Беттердің жоғарғы жағында қазақ және ағылшын тілдерінде:

«ВИЗАЛАР/VISAS»

деген жазу орналасқан.

12. Паспорттың 36-бетінде қазақ және ағылшын тілдерінде:

«ОСЫ ПАСПОРТ 36 БЕТТЕН ТҰРАДЫ
THIS PASSPORT 36 PAGES»

Бұл паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, ал оның иесі Қазақстан Республикасының қорғауында
This passport is the property of the Republic of Kazakhstan and its holder is under the protection of the Republic of Kazakhstan»

деген жазу орналасқан.

13. Паспорттың артқы форзацында қазақ және ағылшын тілдерінде:

«Бұл қызметтік паспорт сезгіш электрондық технологиямен жабдықталған және де басқа электрондық құрылғылар сияқты дәл сондай мұқият карауды қажет етеді. Оның тиісті түрде жұмыс істеуіне кепілдік беру үшін ұқыптап ұстаңыз, оны бүкпеңіз, теспеңіз, шектен тыс температурадан немесе шектен тыс ылғалдылықтан сақтаңыз.

This service passport contains sensitive electronic technology and should be handled with the same care as other electronic devices. To ensure that it functions properly, please do not bend, perforate or subject it to extreme temperatures or excessive moisture.

Бұл қызметтік паспорт Қазақстан Республикасына шетелдік іссапардан оралғаннан кейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне тапсырылады.»

деген жазу орналасқан.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.20 № 1079 Қаулысымен.

14. Тоғыз әріптік-цифрлық нышандардан (2 әріптік нышан және жеті таңбалы цифрлық нөмір) тұратын паспорттың нөмірі 1-беттен бастап барлық беттерде лазерлік перфорация әдісімен басылып, паспорттың артқы форзацында аяқталады.

15. Паспорт беттерінің нөмірлері 4-беттен 35-бетті қоса алғанда, төменгі бұрыштарында орналасқан.

16. Қағаз массаға парақтың бір жағына қорғаныш жіп орналасқан, онда «қазақстан kazakhstan» жазуы түрінде алмасушы микромәтіндер және қысқа мәтіндермен жазылған және ол парақтың екі жағынан да оқылады.

17. Әрбір паспортта жазулардың сақталуын арттыруға немесе паспортты және онда жазылған жазуларды қолдан жасаудан қорғауға арналған арнайы әзірленген элементтер қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК